

УДК 316.7:81.373:2

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ТУЫСТЫҚ АТАУЛАР

Ержанқызы Айкелбет

aykelbet04@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту
мамандығының

1 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Ә.Қ. Мүтәлі

Рухани лексиканың бір тобы – туыстық атаулар. Жалпы туысқандық қатынастар жүйесі қандай да болмасын халықтың рухани мәдени өмір сүру салтымен тікелей байланысты қалыптасқан құндылықтар жүйесі болып табылады. Ата-бабамыздың этномәдениетінде аралары жеті атаға толып, өсіп-өнген аталар рулы елге ұласу рәсімін атап өтетін дәстүр болған. Ол үшін жеті жұртты куәға тартып, яғни жеті рудан кісі шақыртып, ала арқан керіп, ала жіп аттап, боз бие шалып, аталастығымызды ұмытпайық деп, бармақтарын қанға малып, елдік ұран мен таңба белгілесетін рәміз болған. Мұны өз заманындағы дала заңдылықтарының моральдық кодексі яғни, рулық мәртебе алуы деуімізге болады.

Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың басым көпшілігі – ертеден келе жатқан төл сөздеріміз. Дегенмен, басқа тілдермен шектесіп жатқан немесе көрші халықтардың ішіндегі қазақ тілінде ауызекі қатысымда кірме атаулар жиі кездеседі. Олар сан жағынан әдеби тілдің құрамындағы сөздерден кем емес.

Тілімізге ауысқан сөздер мен тұлғалар әсіресе Қазақстанның шет аймақтарында көп кездеседі. Қырғызстанмен шектес жатқан Жамбыл облысының оңтүстік аудандарында қырғыз, ал Өзбекстанмен шектес жатқан Түркістан облысының тұрғындары тілдерінде өзбек тілінен енген сөздер бар. Жетісу өңірінің шығыс жағын мекендеген қазақтардың тіліне ұйғыр сөзі араласса, батыс қазақтарының тіліне татар, ноғай, башқұрт сөздері қосылып кеткен. Араб, иран тілдерінің элементтері солтүстік-батыс не шығыстан гөрі оңтүстік аймақтарда көбірек ұшырайды. Араб-иран тілдерінен енген сөздердің басым көпшілігі оңтүстік говорларға өзбек, қырғыз тілдері арқылы ауысқан.

Туыстық терминдерінің қазақ және ағылшын жүйелері үшін ең алдымен жіктеу жүйесінің ерекшеліктері айқын сақталған. Бірқатар терминдер біздің жүйеде тек жеке немесе сипаттамалық терминдер рұқсат етілген адамдардың бүкіл класына қолданылады. Мәселен, қазақ тілінде аға - әкенің барлық аға-інілеріне, туған-туыстарына және т.б.; апа - аға-қарындастарға, туған-туыскандарына да, немере-шөберелеріне де, екінші немере-қарындастарына да және т. б. туыстық жағынан барлық дәрежедегі кіші апа-қарындастарына қолданылады.

Туыстық негіз бен атаулар осы үш жұрттан басталып, жақындық, іліктік қатынас ағайын», «туыс», «нағашылы-жиенді», «ілік», «жамағайын», «жекжат», «жұрағат», «құдандалы» деп аталады. Мұны бір сөзбен «туыстық атау» дейміз.

Қазақтар жүзге, тайпаларға, руларға бөлінгенімен бірін-бірі бөтен санамаған, «Сұраса келе қарын бөле шығамыз» деп аты-жөнін, іліктік қатынасын да сұрастырып, біліп отыру дәстүрге айналған. «Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл» дейді. Бұл қазақ үшін бұлжымас заң. «Қаны бір қазақпыз» деп бүкіл үш жүздің азаматын, «түбі бір түркіміз» деп қырғызды, башқұртты да, «өзбек - өз ағам» деп оларды да бауырына тартатын бауырмал халықпыз. Жалпы қазақ халқы кімді де, қай ұлтты да сыртқа теппеген, қайта жақын тартып жанаса жүрген. Ал өз қаңдасына келгенде, әрине «қанына тартпағанның қары сынсын» деп барын ортаға салған, қауымдасып, туыстықтың туын, ер, ел намысын жоғары ұстаған.

Халқымызда туыстық, іліктік, қатынастардың көптеген атаулары және оның соған лайық жол-жоралғылары да бар. Халықтың сол атауларын, оның сырларын білгеннің зияны жоқ. Ескерте кететін бір жай туыстық қатынас пен атаулар жігіт жағынан көрсетіледі.

1. Ағайын жұрт

Ағайын туыс - деп бір рудан, тайпадан өсіп, өрбіген ұрпақтар қауымы мен бірлігін айтады. «Ағайын» немесе «туыс» деп те атала береді. Олар бір қауым, бір ауыл болып, бір-біріне қамқорлық жасап, қиын сәтте қол ұшын береді. Туыстар тату, бірлікшіл, бір-біріне қорғаныш болуы керек.

Ағайын, туыстан бөлініп кеткендерді жақындары өте жек көреді. «Бөлінгенді бөрі жейді» деген бар. Туыстар жеті атаға дейін туыстықты үзбейді және қыз алыспайды. Қазақтың бұл заңының ғылыми-генетикалық жағынан да дәлдігі анықталып отыр. Жеті атаға толғаннан кейін ру ақсақалдары, дін басшылары жиылып, боз бие сойып, баталасып, бәтуаласып қыз алысып, қыз беруге рұқсат етеді. Бұл дәстүр бүгінге дейін сақталып әрі жалғасып келеді [1, 3].

Ата (ер) - әкенің әкесі. Жеті атадан санағанда үшінші ұрпақ. Ел-жұрт «ақсақал» деп құрмет тұтатын қадірлі ел тұтқасы. Мұндай кісілер төрден орын алады, оларға әрқашан құрмет көрсетіледі.

«Ауылыңда қартың болса жазып қойған хатпен тер» - дегендей ата ел ұйытқысы, батагөйі, ақылшысы, қамқоры болып есептеледі. Жастар атадан бата алуы тиіс.

«Аталы ел баталы» - деген мақал бар. Атаның айтқаны кейінгіге заң, ісі – үлгілі. Ол ел бірлігін, тірлігін, тұрмысын, болашағын бағдарлай, байқап отыратын дана, көреген қария.

Әже (әйел) - әкенің шешесі. Ел іші, отбасының бүтіндігін ойлайтын көптің сыйлы анасы. Ол салт-дәстүрді сақтап, кейінгі жастарға отбасының, дастархан берекесінің, ағайын, абысындардың бірлігін сақтайтын тәрбиеші әрі ақылгөйі деп есептеледі.

Ана (әйел) - өзіңді өмірге әкеліп, түн ұйқысын төрт бөліп, ақ сүт берген аяулы адамың. Әр ұл мен қыз ата-анаға мәңгі қарыздар. Ұрпақтары бұл адамдарды айрықша сыйлауға, құрметтеуге тиіс. Оларға қарсы келуге, ренжітуге, айтқанын орындамауға болмайды. Мұхаммед пайғамбардың хадисінде «Ата-анасын ренжіткендерді Алла тағала жақсы көрмейді» деген. Әсіресе, ананың жолы мүлде бөлек. Ананың ақ сүті адам баласы үшін аса қасиетті ұғым.

Әке (ер) - ұрпақ иесі, панасы, айбары, үй басшысы және асыраушысы. Жеті атадан санағанда екінші ұрпақ. Ол тек бір отбасы ғана емес, ауыл, ру қамқоршысы, үлкен-кішіге бірдей қамқор азамат, ел ағасы ретінде көрінеді.

Қазақ тілінде жанұя басы – ер адамды «отағасы», әйел-ананы «отанасы», «жұбайы», «Зайыбы», «әйелі» деп сыпайылап атайды.

- Әке - асқар тау, шеше - ағар бұлақ.

- Әкеге қарап ұл өседі,

Шешеге қарап қыз өседі.

- Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің.

Бала, (ұл қыз) - деп ата-анадан тараған ұрпақтарды айтады. Жеті атадан санағанда бірінші буыны. Олар жынысына қарай «ұл», «қыз» деп аталады.

Ағайындылар. Бір ата-анадан туған ұл, қыздар, ағалы-інілілер мен апалы-сіңілілерді бір сөзбен ағайындылар дейді. Ағалы-інілілердің балалары да бір-біріне осылай аталады. Олардың үлкені аға, апа (әкпе), кішілері іні, сіңілі болып саналады. Ағаның балалары оның інісі мен қарындасына іні, ал інінің балалары ағасына баласы (ұлы, қызы) болып есептеледі.

Ұл (ер) - шаңырақ иесі, ел, ру, әке кіндігінің жалғасы деп есептеледі. Ұл туғанда «ат ұстар» деп хабарлайды.

- Ұл туғанда – күн туар.

- Ұлға – отыз үйден тыю,

Қызға қырық үйден тыю.

Немере (ер) - ұлдың баласын «немере» дейді. Немере ата, әже үшін ыстық. Көбінесе олар тұңғыш немересін бауырына салып, «өз балам» деп өсіреді. Немере қанша жақсы көргенмен өз балаңдай болмайды, өз балаңның көрсететін қызметін жасай алмайды. Өйткені оның өз әке-шешесі бар. Ол алдымен төл міндетін өз әке-шешесі алдында атқаруға тиіс.

- Немере етін жеп сүйегін береді.

Шөбере (ер) - немеренің баласы. Қарт адамдар үшін бұл ұрпақтың орны мүлде басқа. Қазақта «Шөберенің қолынан су ішкен адам тозақ отына күймейді» деген сөз бар. Шөберенің баласы «шөпшек», шөпшектің баласы «немене» деп аталады.

Аға (ер) - бір әке-шешеден туған (немесе рулас ағайын-туыс) жасы үлкен жігіт - аға деп аталады. Ағаның жөні де, жолы да үлкен деп есептеледі. Жасы кішілер аға алдында әдеп сақтап отырғаны жөн.

Іні (ер) - бірге туған ағайынды адамдардың жасы кішісін «іні» деп атайды. Оның жасы кіші болғандықтан жолы да кіші болады. Ол аға, апа алдында кішілік міндетін түсінуге, мойындауға тиіс. Ағайындылар бас қосқанда жеңіл-желпі жұмысты іні

атқаруға тиіс. Өйткені «інісі бардың – тынысы бар». Іні - аға мен апанын ізбасары, сүйеніші, қолқанаты, сенімі, үміті.

Апа (әйел) – бірге туған және туыстардың жасы үлкен қыздары оның інілері мен сіңілілері, келіндері үшін «апа» болады. Бұлардан апаның жолы үлкен және оған «апай» деп құрмет көрсетіледі. Алматы облысында тәте деп атаса, Жамбыл, Түркістан облыстарында әпке атауы қолданылады.

Қарындас (әйел) - ағайындылар ішінде жасы кіші қыз ағалары үшін қарындас болады. Бұлар аға, іні үшін қымбат та, қимас жандар. Сонымен бірге бауырлары үшін ешқашан аянбайтын біртуар, текті, зерделі, қаншыл туыс. Әсіресе әйел заты туыс-туғаны үшін жанын да, қанын да беретін батыл да тапқыр болады. Сол үшін де бұлар ағайын, туыс үшін әрі құрметті әрі сыйлы адамдар.

Сіңілі (әйел) - Бірге туған апасы (жақын туыстары) қыздардың кішісін сіңілі дейді. Аға, апа (әпке) алдында сіңілі мен інілердің құқы бірдей болғанымен «қыздың жолы жіңішке» деп жол көбінесе қызға тиеді. Сіңілі мен қарындас өзінен үлкендер алдында батылдау да, еркелеу, еркіндеу болады. Және олардың бұл еркелігін аға, апалары көтеруі керек.

- Апасы киген сәукелені сіңілісі де киеді.

Жеңге (әйел) - ағаның әйелі. Жасы үлкендер үшін «Келін», кішілер үшін «жеңге» деп аталатын бұл адамның ауыл, үй, тәлім-тәрбие үшін орны айрықша. Ол әсіресе, өзінен кіші қайынылары мен қайынсіңілері үшін әзіл, қалжыңы араласа жүретін сүйкімді де сыйлы адам.

Қайын іні (ер) — жеңгелер үшін күйеуінен (және оның туыстарының да) жасы кіші ұл (жігіт) оның қайын інісі болып саналады.

Қайын сіңілі (әйел) – жеңгелер үшін күйеуінен (және оның туыстарының да) жасы кіші қыз қайын сіңілі болып саналады. Қайын іні мен қайын сіңілі жеңгесін ерекше сыйлап, қадірлеуі керек, оған еркелеуі де мүмкін. Бұлар әзіл-қалжыңы жарасқан, сыйлас, тату, қамқор, ақылшы болғаны жөн.

Абысын (әйел) - Ағайынды жігіттердің әйелдері бір-біріне «абысын» болады. Абысындар өзара жақын, сырлас, мұңдас болады, бірігіп ынтымақты жұмыс істейді. Бір-бірінің өкпе, назын, әзіл-қалжыңын сыйласыммен көтереді. Қазақта «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деген сөздің философиялық мағынасы осындайдан шыққан. Абысындардың үлкені «шешей», кішісі «келін» деп аталады.

Халықтық тағылымдарда «абысын асы» деген дәстүр бар. Ері жолға шыққанда олар абысындарын шақырып, дастархан жайып, әңгіме-дүкен құрады. Бұл дәстүр олардың сыйластық, татулық, бірлік-ынтымағының белгісі әрі ұлттық тәрбиенің бір түрі.

- Абысын тату болса – ас көп,
Ағайын тату балса- ат көп.

Қыз (әйел) - Ата-ананың, ауылдың сүйікті баласы. Оң жақта отырған бойжеткен. Елдің назы, мақтанышы, сәні, базары, көркі. Қыз - ел, ауыл еркесі, үлпілдеткен үкісі, алақандағы аяулысы, басқа елдің болашақ келіні, анасы. «қыз - өріс, қыз - қонақ» деп туған туыстары оларды аялап, мәпелеп өсірген.


Төркін (туыстық атау) – Ұзатылған (тұрмысқа шыққан) қыздың туыс-туғандары «төркін» деп аталады. Қыз үшін жоғарыда айтылған үш жұрттың бірі осы төркін жұрт. Төркін деген сөз әйел адамға қолданылады. Алайда ол оң жақта отырған (тұрмысқа шықпаған) қызға қолданылмайды. Бұл ұят, әрі әбестік болып саналады.

- Төркін десе – қыз төзбейді, Көкпек десе – түйе төзбейді.
- Төре қыз төркінін танымас.
- Төркіні жақын қыздың төсегі жиналмас.

Нағашы (ер, әйел) – ананың төркін жұрты балаға (жиенге) нағашы деп аталады.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі туыстық атауларды кесте түрінде салыстырып қарасак:

Кесте – 1: Қазақша және ағылшынша туыстық атауларды жіктеу



Зерттеу барысында кез-келген сәйкестік тілдердің туыстығының дәлелі бола алмайтындығы анықталды. Қазіргі тілдерде көптеген лексикалық бірліктер латын және басқа тілдерден қарыз алу нәтижесінде пайда болды, сондықтан ортақ түбірдің болуымен сипатталады. Тілдердің алғашқы туыстық байланысы бұрын болған бір немесе одан да көп біртұтас тілдің дамуын білдіреді. Қарыз алу - бұл тілдердің байланысының нәтижесі. Егер қандай да бір тілдерде көп немесе аз жүйелі материалдық ұқсастық байқалса, ол байланыстар мен қарыз алу туралы емес, тиісті тілдердің ата-бабаларының туыстық байланысы туралы, бұл тілдердің бір тілден шыққандығы әртүрлі тарихи "жалғасы", бір тілдің бұрын қолданыста болған реинкарнациялары болып табылады. Қазақ және ағылшын тілдерінің туыстық дәрежесіне келетін болсақ, олардың туыстық қатынасы алыс өткенге кетеді деп сеніммен айтуға болады. Ұқсастық белгілері барлық тілдік қабаттарда байқалмайды. Тілдердің дамуы мен өзгеруімен сәйкестікті әрдайым байқауға болмайды. Тілдердің даму тарихын білмей, олардың ортақ тамырларын қалпына келтіру қиын. Бұл тілдерде ұқсас дыбыстық сөздердің көп болуы бір тілден екінші тілге және жалпы сөзден қарыз алуға байланысты. Бастапқы туыстық лексиканың кейбір қабаттарында ғана байқалады, олар үлкен тұрақтылықпен сипатталады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абрамзон А. Түркі тілдеріндегі туыстықтың терминдері // Түркология, Л.: Ғылым, 2001. -С. 204-207.
2. Агазаде Н. Типологиялық зерттеудің негізгі әдісі ретінде салыстыру // СТ.2000. №1. Б.3-11.
3. Кенжеханұлы.С. Туыстық атаулар сыры // Отбасы кітапханасы, 2003.- С. 3-25.